

● Мерейтой

## Жер аңсаған Сарыатанға - 70 жыл

**Қарт Алтайдың атырабы  
қарымды қаламгерлерді  
туғызған қасиетті топырақ.**

Өйткені онда қара сөздің қара нары Қалихан Ысқақ Алтайдың Кербұғысы Оралхан Бөкей, сапарнама жанрының сардары Әлібек Асқаров, публицист жазушы Дидахмет Әшімханов, көсем тілді Әлібек Қаңтарбаев қатарлы әдебиеттің өкілдері өмір есігін ашқан. Биыл осы қаламгерлер қатарындағы жазушы, журналист, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Дидахмет Әшімханұлының дүниеге келгеніне жетпіс жыл толып отыр.

Жазушының туған жеріндегі тойы, яғни, 70 жылдығы ШҚО Балалар және жасөспірімдер кітапханасында басталды. Киелі кітапхана шаңырағында өткен "Жер аңсаған Сарыатан" атты еске алу кешіне жазушымен бірге жүрген зиялы қауым өкілдері, ақындар мен журналистер және қаламгердің ұлы Дәулет Әшімхан қатысты.

- Әкеміз балаға қатал қарайтын. Мен есейе келе әкеммен дос сияқты сырласатын болдым. Мені қасынан тастамайтын еді. Әсіресе Алтайға келген сапарында үнемі ертіп жүретін. Жазушылармен болатын отырыстарда, дастар-



фото әлеуметтік желіден

хан басында менімен сөз қағыстырып, әңгімеге тартып отыратын. Ондағы ойы мені сөз өнеріне, көпшілік алдында сөйлеуге тәрбиелеу екен. Оның маған көп пайдасы тиді, - деп әке тәрбиесінің маңыздылығын айтты Дәулет Әшімханұлы.

Сондай-ақ жазушының жетпіс жылдық тойына дайындалып жатқандығын, ШҚО Мәдениет басқармасымен бірлесе отырып, алдағы уақытта ауқымды шаралар өткізуді жоспарлап отырғанын айтты. Қаламгер кітапханасында жеті мыңдай кітап болыпты. Қаламгердің ұлы оны да көзінің қарашығындай сақтап

отырғанын айтты. Әдеби мұра жазушы шығармасын зерттеушілердің кәдесіне жарары анық. Дәулет Әшімхан әдеби кешке әкесінің "Кеш" атты кітабын да ала келіпті. Оны ойлы әрі мазмұнды сұрақ қойған оқырман қауымға тарту етті.

Еске алу кешіне келген ақын, драматург Әскерхан Ақтай жазушының "Жынды жел" шығармасының желісі бойынша пьеса жазғанын, оның әр өңірдегі театрларда қойылатынын айтты. Сонымен қатар, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың ұстаздар филология ғылымдарының кандидаты Бақытжан Келгенбаева және

Абайтанушы ғалым Айжан Қартаева қатарлы ғалымдар қаламгер шығармашылығына тоқталып, аз-кем талдау жасады.

- Жолығып қалғанымызда үлкен-үлкен мәселелерді сөз ететін еді... Қалихан Ысқақты 2014 жылы Алтайға апарып, Топқайыңның жанындағы Қоңқайдың бауырына жерлеп жатқанбыз. Қалағанды жерлеген жердің өрісі мен тынысы кең жер болатын. Сол жолы артымнан келіп Дидахмет түртіп қалды да: "Түбінде бәріміз де осы жерге келіп жатпаймыз ба?!" деді. Құдай аузына салды ма, бір жылдан кейін Алтайына келіп мәңгілікке дамылдады, - деп күрсіне еске алды Әлібек Қаңтарбаев.

Жазушының "Жер аңсаған сарыатан" әңгімесі: "Ұшы-қиырсыз сары дала. Сары даланың бір ұшында сары бел. Сары белдің бауыры - сағым ба, әлде шалқар көл. Шартабақ күн төбеді. Шалқыған ыстық жер-көкте. Табанын тасқа тілдіріп, жанарын жасқа жудырып, маңдайын жел күнсітіп, таңдайын шөл қаңсытып, сар желіп келеді Сарыатан. Таусылмайды сары дала, жеткізбейді сары бел. Сары белдің ар жағы - бота күнгі мекені. Бота күнгі мекенін боздап іздеп келеді, жүректегі бар шерін қозғап, іздеп келеді" деп аяқталады. Қаламгердің өз өмірі де осындай сағынышпен Алатауда аяқталып, Алтайы мәңгілікке құшағына алды.